

ХАТТАМА № 4

«Қамқоршылық кеңес» отырысы.

Өтілген күні: 20.05.2024жыл

20 мамыр 2024 жылы сағат 17:00 де Өскемен қаласы Прибрежная көшесі 81/1 мекен жайы бойынша « Қамқоршылық кеңес» отырысы өтті. Отырысқа 11 адам шақырылды.

Қатысқаны:

1. Картенова Айгул Максутхановна (№ 8 мектеп – интернатының директоры)
2. Актасова Райхан Оралбековна (тәрбие ісінің меңгерушісі)
3. Курманов Фархат Саканович (комиссия төрағасы)
4. Сопруненко Анастасия Анатольевна (ата – ана)
5. Каримбек Ермек (ата -ана)
6. Аченова Салтанат Чакиевна (ата – ана)
7. Байышова Арман Нурлановна (әлеуметтік педагог)

Хатшы: Сулейменова Фаниса Кужетуллановна

Күн тәртібі бойынша қаралған мәселелер:

1. 2023 – 2024 оқу жылындағы қамқоршылар кеңесінің жұмысының қорытындысы
2. Балалардың жол көлік оқиғаларының алдын алу жұмыстары туралы
3. Оқушылардың жазғы демалыстары
4. 2023 – 2024 оқу жылына Қамқоршылық кеңес құрамына ұсыныстар
5. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

Аталған мәселелер бойынша мектеп директоры А.М. Картенова жиналысты ашық деп жариялады. Күн тәртібімен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрағасы Ф.С.Курманов 2023 – 2024 оқу жылында мектеп бойынша Қамқоршылық кеңес құрылғаны, оның құрамы, құрылымы және қызметімен таныстырды. 2023 – 2024 оқу жылы барысында өткен әр Қамқоршылық кеңес отырысының қорытындысына және атқарылған жұмыстарға есеп берді.

Тыңдалды:

Екінші және үшінші мәселе бойынша мектеп бойынша тәрбие ісінің меңгерушісі Актасова Райхан Оралбековна тоқталып, мектепшілік жоспармен таныстырып, әр сыныпта осы тақырыпта өткен тәрбие сағаттарымен таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес отырысының

мүшелеріне оқушылардың жазғы демалыстары тиімді өту үшін сынып тәрбиешілеріне жүктелген жұмыс жоспарларымен толық таныстырылды.

Тыңдалды:

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ф.С.Курманов қамқоршылық кеңес мүшелерін қайта қарастырып мүмкіндігінше басқа адамдармен ауыстырылуын ұсынды және хатшы Сулейменова Ф.К. отбасының жағдайы бойынша орнына басқа хатшы тағайындалуын сұрады.

Тыңдалды:

Бесінші мәселе бойынша 06.03.2024жылы өткен Қамқоршылық кеңес отырысының ХАТТАМА №3 қабылданған шешімі бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларының тізімі жасалып, жасалған тізім бойынша әр отбасын аралап, қажет көмек жайында мағлұматтар толықтырылғаны жайлы әлеуметтік педагог Байышова Арман Нурлановна баяндады. Барлығы 71 отбасы анықталды, соның ішінде 7 отбасы көрсетілетін көмектен айырылып отыр, себебі банк счеттары бұғатталып тұр, ал қалған 64 отбасына көмек көрсетілетін болды. Осы ақпарат бойынша хаттамалар толтырылды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес отырысының мүшелері қайта қаралсын.
2. Хатшы Сулейменова Ф.К. босатылып, басқа хатшы тағайындалсын.
3. Жасалған тізім бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсетілсін.

Қамқоршылық кеңес отырысының төрағасы:  Курманов Ф.С.

Хатшы:



Сулейменова Ф.К.